



«Бекітемін» *Таймак*
28.08.2020 жылы №1 хаттама
педагогикалық кеңес шешімімен
КМҚК «Шағала» бөбекжай-бақшасының
директоры Г.А.Джанжолова

**КМҚК«Шағала» бөбекжай-бақшасы»
Ортаңғы №1 «Ботақан» тобы
«Ертегілер әлемі» вариативтік компонент жоспары.**

2020-2021 оқу жылы.

Түсіндірме жазба

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиеленудің құралы әдебиет,оның ішінде көркем әдебиеттің көне жанры – ертегі.

Ертегінің көркем де жеңіл тілі баланың қиялына қанат бітіріп, арманын асқақтатып,еңбексүйгіштікке,адалдыққа,батылдыққа,тәрбиелейді.

Сол себепті мектепке дейінгі балаларға ертегі оқу арқылы сөйлеуге,өз ойларын әдемі жеткізіп баяндауға, тыңдағанын есте сақтап,мазмұндап айтуға үйрету.

Балалардың білуге құмарлығы зор. Олар құбылтып айтқан ертегі,әңгімені сүйсіне тыңдайды.

Балалардың дүниетанымын

байыту, қоғамдық өмір туралы ұғымдарын кеңейту, эстетикалық сезімдерін ояту жүзеге асырылмақ. Ертегілер- халқымыздың тұрмыс- салтын, арман-үмітін, өткен өмірін кеңінен танытатын ауыз әдебиеті үлгілерінің көлемді салаларының бірі. Ертегілердің білім мен тәрбие беру саласында маңызы өте зор. Мектеп жасына дейінгі балаларға ертегілерді оқып беру арқылы адамгершілікке тәрбиелеуге болады. Әрбір ертегіні оқып беріп, таныстыру арқылы танымдық қабілеттерін арттыруға болады.

Баланың ертегі

сюжетіне әсерленуі, кейіпкерлердің қиыншылықтарына алаңдауы оның келешекте өз алдына пайда болатын кедергілерден қиналмай өтуіне іштей дайындығын тудырады. Баланың жақсылық пен жамандықты айыруына, мінез-құлықтық стереотиптерді тануына көмектеседі. Бала тәрбиесінде үлкен орын алатын мәселенің бірі- балалардың тілін дамыту. Бала тілін дамытуда халық ауыз әдебиетін жүйелі түрде пайдалана білу баланың санасын арттыра отырып, түсінігін кеңейтіп, ұғымын байыту. Театрланған қойылымдар арқылы мектепке дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру.Сонымен қатар , баланың ойлау белсенділігі артады, өз бетімен жұмыс түрі дамиды, өз ойын еркін жеткізе алады.

Қорыта келгенде ертегі терапиясы балалардың көркем қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай оларды тұлға арқылы қарым қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады.

Қыркүйек

1	Тақырыбы: «Шалқан» ертегісін оқып түсіндіру.	Мақсаты: Ертегіні балаларға оқып түсіндіру. Тәрбиешінің айтқанын тыңдап,түсіне білуге,сұрақ – жауап арқылы балалардың тілдерін дамыту.Қамқорлыққа,сыйластыққа тәрбиелеу.	Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап.	Суреттер.
2	Тақырыбы: Үстел – үсті театры«Шалқан»	Мақсаты: Үстел – үсті театрына қызығушылықтарын арттыру. Балаларға ертегіні сахналауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын келтіруге, өлең-тақпақтарды жатқа ата отырып,тілдерін дамыту. Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға, қайырымдылыққа, мейірімділікке, бірлікке, достыққа тәрбиелеу.	Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап.	үстел үсті материалдар.
3	Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі (әңгімелеу, түсіндіру.)	Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіндіру. Балаларды ертегі желісі бойынша ертегі мазмұнын айтып бере білуге үйрету,өз ойларымен бөлісе білуге талпындыру.Ертегі кейіпкерлерінің қимылын,дыбысын салдырып,кейіпкерлер бейнесін сомдау қабілеттерін дамыту.	Түсіндіру, көрсету,сұрақ-жауап.	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері.
4	Тақырыбы: «Үйшік»(саусақ театры)	Мақсаты: Балаларға саусақ театры туралы түсінік беру. Саусақтарды қимыл қозғалысқа келтіре отырып ертегі мазмұнын түсіндіру. Балалардың ертегіге деген қызығушылығын арттыру.	Түсіндіру, көрсету,сұрақ-жауап	Ертегі кейіпкерлерінің саусақ атрибуттары.

Қазан

5	Тақырыбы: «Үйшік»(үстел үсті театры)	Мақсаты: Үстел үсті театры туралы түсінік беру.Балаларды ертегі кейіпкерлерінің әрекеттерін бағалауға, ертегі кейіпкерлерін дауыс ырғақтарын келтіре білуге дағдыландыру.	Түсіндіру, көрсету,сұрақ-жауап	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері
6	Тақырыбы: Ит мысық және тышқан ертегісі(әңгімелеу, түсіндіру)	Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіндіру; Өз түсінігімен әңгімелеу барысында сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту;	Ертегіні түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Суреттері
7	Тақырыбы: Ит мысық және тышқан ертегісі (қуыршақ театры)	Мақсаты: Қуыршақ театры туралы түсінік беру.Ертегі кейіпкерлерінің іс әрекетін талдау,оларға баға беруге үйрету. Бір біріне қамқорлыққа,адамгершілікке тәрбиелеу.	Түсіндіру, көрсету,сұрақ-жауап.	Ертегі кейіпкерлерінің қуыршақтары.
8	Тақырыбы: «Ит мысық және тышқан» (саусақ театры)	Мақсаты: Саусақ театры арқылы қысқаша айту.Саусақтарды қимыл – қозғалысқа келтіре отырып ертегі мазмұнын түсіндіру. Ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.	Түсіндіру, көрсету,сұрақ-жауап.	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары

Қараша

9	Тақырыбы: Бауырсақ ертегісі (әңгімелеу, түсіндіру)	Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнын түсіндіру.Ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру. Ертегі кейіпкерлерінің іс әрекетін бағалауға дағдыландыру.	Түсіндіру, ертегіні талдау.	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері.
10	Тақырыбы: Бауырсақ (саусақ театры)	Мақсаты: Саусақ театры туралы қысқаша айту.Өздеріне таныс ертегілерді саусақ театры арқылы сахналау.Ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру	Саусақ театры арқылы көрсету,түсіндіру, сұрақ-жауап.	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары.
11	Тақырыбы: Бауырсақ ертегісі (үстел үсті театры)	Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіндіру. Бауырсақ ертегісін үстел-үсті театры арқылы сахналау барысында балалардың ертегі мазмұнына, ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру. Ертегі кейіпкерлерінің іс әрекетін бағалауға дағдыландыру.	Түсіндіру, ертегіні сұрақ-жауап, талдау.	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары.
12	Тақырыбы: Маша мен аю ертегісі (әңгімелеу, түсіндіру)	Мақсаты: Ертегі туралы түсінік беру.Балалардың ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.Сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын молайту.	Оқу,түсіндіру, сұрақ-жауап	Суреттер

Желтоқсан

13	Тақырыбы: Маша мен аю (куыршақ театры)	Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерінің адамгершілік қасиеттерін бағалау қабілеттерін қалыптастыру, тапқырлыққа,ақылдылыққа тәрбиелеу.	Түсіндіру, Көрсету,сұрақ-жауап	Ертегі кейіпкерлерінің куыршақтары
14	Тақырыбы: Маша мен аю (үстел-үсті театры)	Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіндіре отырып,балаларды адамгершілікке, татулыққа тәрбиелеу.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Ертегі кейіпкерлерінің бейнелері.
15	Тақырыбы: Қасқыр мен жеті лақ ертегісі(әңгімелеу,түсіндіру)	Мақсаты: Ақыл-ой шығармашылық қабілетін, сөздік қорын, сөз байлығын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту.	Ертегіні түсіндіру,көрсету,сұрақ-жауап	Суреттері
16	Тақырыбы: Қасқыр мен жеті лақ ертегісі (саусақ театры)	Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін бағалау, достым қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары

Қаңтар

17	Тақырыбы: Қасқыр мен жеті лақ ертегісі (үстел-үсті театры)	Мақсаты: Балаларды ертегі кейіпкерлерінің әрекеттерін бағалауға, ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Ертегі кейіпкерлерінің бейнелері
18	Тақырыбы: Екі әтеш ертегісі (әңгімелеу, түсіндіру.)	Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіндіру. Сөйлеуге, әңгімелей білуге үйрету. Балалардың ертегі желісі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.	Түсіндіру, көрсету,сұрақ-жауап	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері
19	Тақырыбы: Екі әтеш ертегісі (саусақ театры)	Мақсаты: Балаларды ертегіні түсініп,мазмұнын мәнерлі айтуға үйрету.Сөйлесуге, әңгімелей білуге жетелеу.	Түсіндіру, ертегіні сұрақ-жауап, талдау.	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары.
20	Тақырыбы: Екі әтеш ертегісі (үстел-үсті театры)	Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсінуге,кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауға үйрету.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Кейіпкер бейнелері

Ақпан

21	Тақырыбы: Түлкі мен қасқыр ертегісі(Әңгімелеу, түсіндіру)	Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіндіру. Сөйлеуге , әңгімелей білуге үйрету.Балалардың ертегі желісі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.	Түсіндіру, көрсету,сұрақ-жауап.	Түлкі мен қасқыр ертегісінің суреттері
22	Тақырыбы: Түлкі мен қасқыр (Саусақ театры)	Мақсаты: Ертегіні оқу, түсіндіру.Ертегі желісін өз сөзімен жеткізу біліктілігін жетілдіру.Театр түрлеріне деген қызығушылықтарын дамыту.	Түсіндіру, көрсету.	Ертегі кейіпкерлері-нің атрибуттары.
23	Тақырыбы: Түлкі мен қасқыр ертегісі (қуыршақ театры)	Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіндіру. Ертегі мазмұны ырғағына келтіре айтуға жаттықтыру.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.	Ертегі кейіпкерлері -нің қуыршақтары
24	Тақырыбы: Үш торай ертегісі (әңгімелеу, түсіндіру)	Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсінуге,кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауға тәрбиелеу.	Түсіндіру, көрсету, талдау.	Ертегі кейіпкерлері-нің суреттері

Наурыз

25	Тақырыбы: Үш торай (саусақ театры)	Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауға үйрету.	Түсіндіру, көрсету.	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары.
26	Тақырыбы: Үш торай (үстел үсті театры)	Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауға үйрету.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Ертегі кейіпкерлерінің бейнелері.
27	Тақырыбы: Қасқыр мен ит ертегісі (әңгімелеу, түсіндіру)	Мақсаты: Ертегінің мәнін ықыласымен тыңдауға баулу. Оқылған ертегіні дұрыс түсіну, ойларын тиянақтау, сөздік қорын байыту.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері
28	Тақырыбы: Қасқыр мен ит (қуыршақ театры)	Мақсаты: Әңгімедегі жағымсыз кейіпкерлердің бейнесін қуыршақ театры арқылы көрсетіп, қасқыр жағымсыз, ит жеті қазынаның бірі екенін айтып түсіндіріп, дүниетанымын кеңейту;	Түсіндіру, көрсету.	Ертегі кейіпкерлерінің қуыршақтары

Сәуір

29	Тақырыбы: Шұбар тауық ертегісі (әңгімелеу, түсіндіру)	Мақсаты: Ересектердің айтқанын тыңдап және түсіне білуге, сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Оқу,түсіндіру, сұрақ-жауап.	Суреттер
30	Тақырыбы: Шұбар тауық ертегісі (үстел үсті)	Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерінің адамгершілік қасиеттерін бағалау қабілеттерін қалыптастыру, тапқырлыққа,ақылдылыққа тәрбиелеу.	Үстел үсті театры арқылы көрсету.	Ертегі кейіпкерлерінің бейнелері
31	Тақырыбы: Күшік пен мысық ертегісі (әңгімелеу, түсіндіру)	Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсіндіру. Сөйлеуге, әңгімелей білуге үйрету. Өз күшіне қарай әрекет ете білуге дағдыландыру.	Түсіндіру, Көрсету.	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері.
32	Тақырыбы: Күшік пен мысық (Қуыршақ театры)	Мақсаты: Балаларды ертегі кейіпкерлерінің іс әрекеттерін талдай білуге баулу. Жақса мен жаман іс әрекеттерді түсіне білуге тәрбиелеу.Қуыршақтармен жұмыс жасауға талаптандыру.	Түсіндіру, Көрсету,сұрақ-жауап	Ертегі кейіпкерлерінің қуыршақтары.

Мамыр

33	Тақырыбы: «Мақта қыз» халық ертегісі (әңгімелеу, түсіндіру.)	Мақсаты: «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің қойылымын көрсету арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттыру, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. балаларды өнерге бейімдеп, сөздік қорын, әртістік қабілетін арттыру. өзара сыйласып, достық қарым-қатынаста болуға, бірін-бірі құрметтеп, үлгі тұтуға тәрбиелеу.	Түсіндіру, көрсету.	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері.
34	Тақырыбы: «Мақта қыз» Үстел үсті театры	Мақсаты: Ертегілер туралы білімдерін күшейту. Сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп, өз ойларын дұрыс жеткізу. Баланың сөздік қорын дамыту, сөз өнеріне деген құрмет. Балаларды еңбекке, татулыққа тәрбиелеу.	Түсіндіру, Көрсету, сұрақ-жауап.	Ертегі кейіпкерлерінің бейнелері.
35	Тақырыбы: Қуыршақ театры бізде қонақта «Аю мен маса» ертегісін сахналау	Мақсаты: Театр туралы түсініктерін қалыптас -тыру. Театрлардың түрлерімен таныстыру. Театрға деген қызығушылығын арттыруға тәрбиелеу.	Түсіндіру, Көрсету, сұрақ-жауап	Ертегі кейіпкерлерінің қуыршақтары.
36	Тақырыбы: Ертегілер елінде	Мақсаты: Балаларға ертегілер әлеміне еніп, жақсы көңіл күй сыйлау. Оларға қызықты тапсырмалар орындата отырып, тақпақтар, әндер, билер, ойындар арқылы тілін дамыту. Ырғақты қимыл - қозғалыстарын жетілдіріп,	Түсіндіру, сұрақ-жауап	Ертегілер туралы слайд

		адамгершілік тәрбиесіне баулу		
--	--	-------------------------------	--	--

КМҚК «Шағала» бөбекжай бақшасы

Келісілді:-----

Келісілді:-----

Әдіскер:Нұржанова С.Ү

Директор:Джанжолова Г.А

Күні:-----


Вариативтік компонент

«Ертегі әлемі»

(1 сағат)

Отраңғы№1

«Ботақан» топ



2020-2021 оқу жылы